

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 08 (521) 5 мамыр 2022 жылы



ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМДАР, ӘРІПТЕСТЕР МЕН СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызға ынтымақ пен бейбіт өмірдің қадірі ұлықталатын 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

Ежелден бауырмал Қазақ елі небір қиын-қыстау заманда қаншама жұртқа пана болып, тіршілікте қалуына жағдай жасады. Қаймағы бұзылмаған бұл дәстүрдің арқасында жері байтақ, халқы дархан Қазақстан, рухы мен мәдениеті бай мемлекетке айналды.

Бүгінде тәуелсіз елімізде көптеген этникалық ұлт өкілдері Қазақ халқының көшбасшылығында тату тәтті өмір сүріп жатыр. Мемлекетіміздің басты миссияларының бірі – осы этникалық топтар арасындағы келісім мен саяси тұрақтылыққа сызат түсірмей, бейбіт өмірдің туын биік желбірету. Осы мақсатта өркениетті қоғам ретінде ортақ Отанымыз – Қазақстан үшін еліміздің барлық халқы аянбай еңбек етіп жүр.

Бұл мереке Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті үшін де ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда оқу орнымызда әлемнің 19 елінен 40-тан астам ұлт өкілдері білім алып жатыр. Түбі бір Түркі халықтарының жастары да достық пен сыйластықтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Ел татулығын тойлайтын мереке тағы да құтты болсын! Баянды бірлігіміз, тату тірлігіміз нығая берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қазақстан халқы өркен жайып, мемлекетіміз – молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін!

Отанымызда және әлемде бейбіт өмір үстем болсын!

Университет ректоры: Жанар ТЕМІРБЕКОВА



**1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ**

КЛИНИКАМЫЗДА ЖҮРЕК АУРУЛАРЫНА ОТА ЖАСАЛАДЫ

Таяуда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиника-диагностика орталығында Тараз қаласында орналасқан Кардиохирургия және трансплантологияның ғылыми-клиникалық орталығы филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Халықаралық университетіміздің 30 жылдығына арналған маңызды 30 жоба құрамындағы «Cardio-Turkestan» деп аталатын филиалдың ашылуына арналған шара семинардан басталды. Жиынға Кардиохирургия орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Сейтхан Жошыбаев, университет ректоры Жанар Темірбекова, вице-ректор Пусат Пилтен, Клиника-диагностика орталығының директоры Осман Ажар және т.б. қонақтар қатысты.

Алғашқы сөз тізгіні берілген профессор Сейтхан Жошыбаев филиалды ашу үшін көп күш кеткенін атап өтті.

«2015 жылдан бастап бастама көтердік. Соңғы 2 жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, міне, бүгін орталығымыздың филиалын ашып отырмыз. Осы орайда, бізге үнемі қолдау көрсеткен университет басшылығына алғыс айтамыз.

Филиалды ашқаннан кейін онда жұмыс істейтін мамандар, қажетті құрал-жабдықтар керек. Біздің орталығымыздың мамандары енді осында жұмыс істейді. Сондай-ақ, біз осы филиалға «Филиппс» ангиографиялық қондырғысын орнаттық. Бұл бізге жүрек және қан-тамыр айналымы жүйесінде болатын ауруларды емдеуге көмектеседі», - деді танымал кардиохирург.

Профессор Сейтхан Жошыбаев университетіміздің

студенттері «Cardio-Turkestan» филиалы мамандарынан сабақ алып, болашақта жұмысқа орналаса алатынын да мәлімдеді.

Оқу орнымыздың ректоры Жанар Темірбекова филиалдың ашылуы студенттерімізге де, Түркістан облысының тұрғындарына да пайдалы екенін айтып, профессорды қолдады.

«Қоғамға пайдалы болу – университетіміздің басты миссияларының бірі. Аталған филиалды ашудағы мақсатымыз да осы еді. Түркістан облысы мен қаламыздың халқына қолдан келгенше қызмет етуге тырысамыз. Енді жүрек оталарын алысқа бармай-ақ, біздің клиникада жасауына болады. Ал студенттеріміз оталарға қатысып, тәжірибе жинайды. Бұл келешек медицина мамандары үшін үлкен мүмкіндік болмақ», - деді университет басшысы.

Вице-ректор Пусат Пилтен мен Клиника-диагностика орталығының директоры Осман Ажар жаңа филиалдың ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Шара салтанатты лента қию рәсіміне жалғасты. Бұдан соң келген қонақтар мен университет ұжымы ресми түрде ашылған филиалды аралап, оның жұмыс барысымен танысты.

Айта кетейік, «Cardio-Turkestan» филиалы Түркістан тұрғындарының арасында қан айналымы жүйесінен болатын аурушаңдық және өлім-жітімді азайтуға көмек береді. Жүрегі ауыратын мұқтаж пациенттерге жасанды қан айналымы әдісімен ота жасалады. Филиалдағы барлық операциялар тегін кепілдірілген медициналық көмек аясында жүзе асырылады.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ОҚУ ОРНЫМЫЗДА “ДОСТЫҚ”
ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Жуырда оқу орнымызда 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне арналған “Достық” фестивалі өтті.

Мерекелік шара әр елдің туын ұстаған студенттер шеруінен басталды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен және шетелден келген жастар ұлттық киіммен университет алаңын айнала жүріп өтті.

Бұдан кейін қонақтар, университет басшылығы мен студенттер әрбір халықтың мәдениеті және дастарханымен танысып, ұлттық тағамдарынан дәм татты.

Фестиваль концерттік бағдарламаға ұласты. Шараның шымылдығын ашу үшін университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшекке, ректор Жанар Темірбековаға және ректор өкілі Женгиз Томарға сөз берілді. Олар барша студенттерді мерекемен құттықтап, бауырлас ұлттар арасындағы татулық пен бірліктің мәңгілік болуын тіледі.

Университет басшылығының алғы сөзінен кейін сахнаға өнерпаздар шығып, көрермендерге қуанышты көңіл-күй сыйлады. Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Кавказ елдері, Тыва, Якутия, Өзбекстан және Түрікменстан елдерінен келген шәкірттеріміз ән шырқап, мың бұрала би биледі. “Би-Сұлтан” би ансамблінің “Достық биі” ерекше сезім сыйлап, барлық Түркі елдері байрақтарының бір сапта тұрғаны жүрекерді елжіретті.



БІЛІМ ГРАНТТАРЫНЫҢ САНЫ АРТПАҚ

2022 жылы жоғары оқу орындарында берілетін білім гранттарының саны рекордтық 73 мыңға дейін артады. ҚР БҒМ баспаөз қызметінің мәліметінше, бұл ретте жоғары оқу орындары мен колледждер студенттерінің көп бөлігі мемлекет есебінен тегін оқу мүмкіндігін алады. Бұл туралы таяуда Үкімет отырысында ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді. «Президенттің қолдауының арқасында мектеп түлектерінің бюджет есебінен оқуға мүмкіндігі артып келеді. Колледждерде білім алу үшін биыл білім беру гранттарының саны да рекордтық көрсеткішке, яғни 31 мың грантқа дейін ұлғайып отыр. Гранттардың басым бөлігі техникалық мамандықтар бойынша беріледі. Сондай-ақ біз емтихандарды алып тастадық және азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін арнайы квоталарды енгіздік. Гранттар барлық колледжге берілмейді. Студент гранты жеңіп алып, белгілі бір колледжді таңдайды. Осылайша қаржыландыру студент таңдаған колледжге жіберіледі. Яғни бұл жерде «ақша студенттің соңынан ереді» қағидасы жұмыс істейді. Бұл кадрларды даярлау бойынша колледждердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Ең бастысы – еңбек нарығының сұранысына сай болу», – деп айтты ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов. Айта кетейік, гранттарды бөлу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға арналған квоталар саны ұлғайтылады. Яғни көп балалы немесе толық емес отбасылардың балалары, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыдан шыққан үміткерлердің грант алу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болады. Сонымен бірге биыл мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу кезінде инженерлік, өңдеу, құрылыс салаларына, сондай-ақ педагогикалық және жаратылыстану ғылымдарына ерекше көңіл бөлінеді. 2022 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша техникалық кадрларды даярлау және техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс үлесі 60%-ке дейін артты. Студенттер арасында сұранысқа ие және қажетті мамандықтарға жаңа гранттар бөлінеді.

ҰЛЫҚ ҰСТАЗ

«Алты Алаштың баласы қосылса, төр – мұғалімдікі». Мұны өткен ғасырда Мағжан Жұмабаев айтқан. Осы бір теңеу тынымсыз еңбек иесі Гүлфайруз Еркебаеваға да қатысты айтылған сияқты. Себебі, Гүлфайруз Ғинаятқызы шәкірттерінің құрметі мен махаббатына бөленіп, абырой арқалап жүрген үлкен ғалым, білікті тәлімгер. Жоғары мектеп оқытушысы ғылымның бірнеше саласында: орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика, психология бағытында ғылыми еңбектер жазып, оқулықтары мен оқу құралдары шетелде басылып жүр. Гүлфайруз Ғинаятқызы мұнымен қабат үйдің де, түздің де шаруасын қатар алып жүрген аяулы ана, қоғам белсендісі.

Өнегелі ұстаз әйелдер кеңесінің төрайымы. Қаншама жылдар факультеттердің әйел оқытушылары мен студент қыздары арасында, жатақханада жиналыстар өткізіп, әйел мәртебесін көтеру, әйел құқығын қорғау, мұқтаж жандарға қол ұшын беру сипатында ауқымды мәселелерді дер кезінде көтеріп, шешім шығара білді.

Ол университетіміздің «Хабаршы» журналы редакциясының тұрақты мүшесі. Шәкірт тәрбиелеуден жалықпаған ұстаздың 5 аспиранты ғылым кандидаты атағына ие болса, 6 магистранты ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап шықты. Үздіксіз еңбектенуінің арқасында, 500-ге жуық ғылыми еңбегі жарық көріп, орыс тілі мен қазақ тілі, педагогика саласы бойынша оқу-әдістемелік құралдары, монографиялары, оқу құралдары, электрондық оқулықтары оқу процесіне еніп, бүгінгі таңда студенттердің қолдануында.

Әдістемені жақсы меңгерген профессор «Педагогикалық шеберлік» мектебін ашып, жас педагогтарға әдістемелік көмек көрсетті. Жас оқытушыларға семинарлар өткізіп, жаңа инновациялық технологиялар мен әдіс тәсілдер үйретті.

Гүлфайруз Ғинаятқызы нағыз ұстаз. Таудан аққан тау өзені секілді айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді балбұлақ нәрімен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімін жас ұрпаққа мән-мағыналы бере білді.

Гүлфайруз Ғинаятқызы Еркибаева педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Ол Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 2005 жылы «Педагогика» кафедрасының профессоры қызметіне «Мирас» университетінің ғылым жөніндегі вице-президент қызметінен ауысып келген болатын.

2005 жылдан бастап Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Педагогика» кафедрасының профессоры қызметін және сонымен қоса Әдістемелік бөлім басшысы қызметін қоса атқарды.

Ғылым жолында қажырлы еңбек етуінің арқасы болар 2007 жылы Ү.Алтынсарин атындағы Білім академиясының академигі атанды, 2008 жылы Жоғары аттестациялық комитеттің профессоры атағын алды, 2009, 2020 жылдары «Жоғары оқу орынының үздік оқытушысы» грант иегері атанды. Кәсіби біліктілігін артыру мақсатында шетелдерге шығып, Қытай, Жапония, Корея, Латвия, Түркия мемлекеттерінде болып, тәжірибе алмасып қайтты.

Өмір жолына үңілсек, Гүлфайруз Ғинаятқызы еңбек жолын мектеп мұғалімі болып бастайды. Ол 1974 жылдан 1996 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Шардара ауылында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте оқытушы, оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Гүлфайруз Ғинаятқызы Шардара ауылында мектепте мұғалім бола жүріп, білімін жетілдіруден, ғылыми ізденуден жалықпады. Биік мақсат жолында үнемі еңбектеніп, талаптана жүріп, өзін де, отбасын да жаңа белестерге бастады.

1995 жылы Гүлфайруз Ғинаятқызы «Қазақ мектебінің жоғары сыныптарындағы орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сөздіктерімен жұмыс істеу әдістемесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды.

1996-2004 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай қаласының «Сырдария» университетінде алғаш аға оқытушы, кейіннен доцент, кафедра

меңгерушісі, ғалым-хатшы қызметтерін атқарып, ғылым әлеміне толық бет бұрады.

Оның ғылыми еңбегінің аумағы қандай кең болса, қызмет етіп жүрген салалары да соншалықты мол.

Ұстаз өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт-пішіні, киген киімімен айналасына жақсы әсер етеді.

ЖЫЛ ӨТТІ АРАМЫЗДА ӨЗІҢ ЖОҚСЫҢ...

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Біз үшеуміз құрдас едік. Яғни, қазақылықпен айтар болсақ, бір жылғы төлдерміз. Қайран ғана өмір-ай десеңші. Бұл жалғаннан біреу ерте, біреу кеш кетеді. Қалай десек те мәңгілік мекеніміз бір. Алланың әмірімен гүлмен көмкерілген табыт қара жер қойнауына тапсырылғанда мәңгілік сапарымыз басталады...

Осы біз, екі аяқты пенделер, жарық дүниенің қадір-қасиетін біліп жүрміз бе? Күнделікті күйбең тіршілікте онсыз да қамшының сабындай қысқа ғұмырдың мән-мағынасын терең ұғына аламыз ба? Неліктен адамдардың бір-біріне деген риясыз құрмет-қошеметі шектеулі болады? Неліктен қарақан қара басымыздың жайын күйттеуге бейім тұрамыз?

Жалпы, пайғамбар жасынан асқаннан кейін санасы сергек жандардың көпшілігін осындай бей-берекеттікпен өрнектелген сан алуан сауалдар мазасыздандырып, қиял әлеміне шарқ ұрғызады. Кештеу болса да жаныңа тыншу бермейтін сезім шырғалаңы ойыңды шартарапқа сабылдырып, өзгеше бір әлемде жүргендей күй кешетінің ақиқат.

Өңгімеміздің арқауы болып отырған марқұм Балғабай құрдастың жылдық асы жақындаған сайын ол туралы ойланатын болдық. Жарқын жүзі бал-бұл жанып, кабинетімізге кіріп келетіндей күй кешеміз. Марқұм дос-ай, бір тынбайтын еді. Білім ордасындағы жиындардың бел ортасында жүретін. Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде қазір зейнеткер жандардың жай-күйін ойлайтын, солардың жанына шуақ төгетін бір жақсылық жасасам деген ниетінен айныған емес. Университеттің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқан бүгінгі ардагерлерге басшылық тарапынан алғыс хат, білім ордасының төсбелгісін алып беруге жанын салатын. Айтулы мейрамдарда ардагерлердің бірін де ұмыт қалдырмай қолдарына ақшалай-заттай сыйлық ұстататын. Осындай сый-сияпатқа ие болған осынау ардақты да аяулы жандардың бір



сәт өздерін бақытты сезінген, бал-бұл жанған жүздерін көрудің өзі сондай ғанибет! Осы сыйды өз қолымен ұсынып тұрған Балғабай құрдастың жүзінен нұр тамып тұрғандай көрінетін сәттердің талай рет куәсі де болдық. Ех, Балғабай дос-құрдас, сен бізді ертелеу тастап кеттің ғой. Сен қаймана қазаққа, өзің соншалықты құрметтеп, жақсы көретін Ардагерлеріңе керек едің. Олардың қай-қайсысы болмасын сенің ортамызға оралып, өз қолымен сыйлық үлестіретініңнен үміттеніп, өзінді сағынып жүр, қайран ғана бауыр дос, аяулы құрдас...

Аяулы дос-құрдас, марқұм Балғабай Исақұлұлы Нақыповтың ғибратты өмірінің өрнектері терең ойларға жетелейді. 1951 жылдың 15 желтоқсанында Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан) Мырзашөл өңіріндегі Жетісай ауданы (бұрынғы Киров ауданы) «Большевик» кеңшарында дүниеге келген. Ол Түркістан қаласындағы №386 орта мектепті бітірген. 1969-1973 жылдары Қарағанды кооператив институтының экономика факультетінде жоғары білім алып, 1973 жылы Түркістан қалалық тұтынушылар қоғамында аға экономист қызметін атқарды. 1973-1974 жылдары кеңес әскері

қатарында азаматтық борышын әскери-десант құрамасында өтеді. Мінсіз қызмет атқарып, 1975 жылы әскери жолдамамен ішкі істер органына қызметке қабылданды. Содан Түркістан қалалық ішкі істер бөлімінде қылмысты іздестіру аға инспекторы болды. 1976-1982 жылдары Е.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің заң факультетінде сырттай білім алды. Осы жылдарда оның заң саласындағы өсіп-өрлеу жолдары сайрап жатыр. 1977 жылы Кентау қалалық ішкі істер бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарып, 1984 жылы Мәскеу қаласындағы ішкі істер министрлігі Академиясының құқық қорғау саласының басшыларын даярлайтын факультетіне қабылданып, 1986 жылы оны бітірген соң 1986-1998 жылдар аралығында Келес, Шардара, Түркістан қала-аудандарында ішкі істер басқармаларының бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. 1998-2002 жылдары Қазақстан Ішкі істер Бас Басқармасы бастығының бірінші орынбасары лауазымына ие болды.

Кезінде марқұм Балғабай Нақыповтың ел тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қорғау, білікті кадрлар даярлау жолындағы қажымас еңбектері лайықты бағаланды. Нақтылап айтар болсақ, ҚР ІІМ-нің ОҚО ішкі істер басқармасының Мәскеу ІІМ-гі Академиясының, ОҚО және Түркістан қаласы әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, «ҚР ІІМ-нің еңбегі сіңген қызметкері», «ҚР ІІМ-нің үздік қылмысты іздестіру инспекторы» атақтарына ие болды. Сондай-ақ 2009 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» I, II, III дәрежелі медальдарымен, «ҚР Конституциясына 10 жыл» медалімен ҚР Президентінің Алғыс хатымен, Ресей ІІМ-гі Тергеу комитетінің 45 жылдық мерекелік медалімен марапатталған. Түркістан қаласының Құрметті азаматы атағына ие болды. «Құрмет» орденінің иегері. Бауыр дос Балғабай Исақұлұлы білікті заңгер ретінде өзінің ізбасар шәкірттерін тәрбиелеуді негізгі өмірлік ұстанымына айналдырған сегіз қырлы бір сырлы ғажайып азамат-ардагер еді. 1993 жылдан бастап, негізгі басшылық қызметімен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің заң факультетінде ұстаздық етті. «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминология» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор ретінде заманауи заңгерлер даярлауға белсене араласты. Осы жылдары құқық саласының өзекті мәселелері жөніндегі 35 ғылыми-зерттеу мақалалары мен оқу-әдістемелік құралдарын жарыққа шығарды. Кең көлемдегі ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 2009 жылғы желтоқсанда ҚР Ішкі істер Академиясының ОД-14.20.10. диссертациялық кеңесінде «Теоретическое проблемы предупреждения рецидивной преступности» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Марқұм Балғабай Нақыпов зейнеткерлікке шыққаннан кейін ұстаздық қызметке біржолата ден қойды. Университетте кафедра меңгерушісі, Заң факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарды. Уақыт өте келе оқу орны ректорының кеңесшісі, Ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметтерін қоса атқарып жүрді. Сол жылдары Б.Нақыповтың көмекші-референт болып жанында жүрген шәкірті Ерناзар Баевты қазір Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары қызметін атқарады. Ерназар Көпжасарұлы ұстазы Балғабай Исақұлұлы жайында тебіреніспен сөз қозғайды.

- 1999 жылы университеттің Заң факультетіне студент қатарына қабылданғаннан бергі уақытта ұстазбен әрдайым тығыз қарым-қатынаста болдық, -дейді ол. - Оқу орнын бітіргеннен кейін аға меңгерушілік ететін «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминология» кафедрасында оқытушы болдым. Университет ректорының кеңесшісі болғанда да көмекші-референті ретінде жанында жүрдім. Ұстаз-ағамыз іскер, тынымсыз жан еді. Игі істердің басы-қасында болып, ұйымдастырушылық қызметін мінсіз атқаратын.

Ол кісі ректор кеңесшісі қызметімен қоса Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Сондай-ақ, Ардагерлер ұйымы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Тәртіптік этикалық комиссия бағыттары бойынша төрағалық жасап, университет имиджінің дамуына зор үлес қосты. Сонымен қатар магистранттар мен докторанттарға жетекшілік жасады. Университет пен облыстағы зиялы қауым өкілдерімен байланыс орнатып,



біршама маңызды жұмыстар атқарды. Балғабай ағамыз заң саласында теория мен практиканы ұштастыра білген, әрі осы салаларда ұстаз ретінде есімізде мәңгі қалады. Бүгінде өзі тәрбиелеген шәкірттері өз салаларының білімді де білікті мамандары ретінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде қызмет жасап жатыр. Әрдайым «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» деп айтушы еді. Университетіміз ашылған күннен бастап қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагер-ұстаздар мен қызметкерлермен байланыс жасап, мерекелерде университет тарапынан іс-шараларға шақырып, ауырып қалса үйлеріне барып көңілдерін сұрап, мүмкіндігінше университетіміздің кәсіподақ комитетімен бірлесіп қаржылай немесе материалдық тұрғыда сый-сияпат жасап, көңілдерінен шығуға тырысатын. Өмірінің соңына дейін денсаулығының сыр бергеніне қарамастан қызмет жасап кетті. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ағамыздың жанында жүріп, өмірлік тәжірибе алдым десем қателеспеймін. Себебі, Балғабай ағамыз қалалық, облыстық, республикалық ардагерлер ұйымдарымен және ақсақалдар алқасымен тығыз байланыс жасап, облысымызда ұйымдастырылған ауқымды іс-шаралардың басы-қасында жүрді. Мен бұған куәмін. «Ғалымның ата өлсе де, хаты өшпейді» демекші, ғылыми мақалалар жазғанда өзінің ұсыныс-пікірлерін айтып, бағыт-бағдар беріп жүретін. Ағамыздың атқарған орасан зор еңбектері келешек ұрпаққа аманат болып қала бермек... Ұстаз-ардагер жайлы шәкірті осылай толғанады. Айтса айтқандай, дос-құрдас Балғабай марқұм артына өшпес із қалдырды. Өнегелі отбасы болды. Екі ұл, екі қызын құтты орындарына қондырып, жұбайы Сабира Шаймерденова ханыммен бірге немерелерін құшақтарына алды. Университет ұжымы атынан Нақыповтар отбасына ниеттерің қабыл болсын дегіміз келеді. Ұстаз, дос-құрдас Балғабай марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Нұры пейіштің төрінде шалқысын!

Бораш МЫРЗАЛИЕВ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Ардагерлер кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Сейдулла САДЫҚОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор, Түркі әлемінің үздік педагогы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, университет ардагері

ҒЫЛЫМ

ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯ -

Әлемдік зерттеулер, оның ішінде Дүниежүзілік банк білім беру жеке тұлғаның қалыптасуын, оның әлеуеті мен аналитикалық мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететінін растайды, бұл қоғамның барлық құрылымдарының тиімді дамуына ықпал етеді. Мемлекеттің өсуі мен дамуының іргелі негізі қазіргі заманғы Қазақстанның ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және отандық ғылыми-білім беру жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше мәртебеге ие түркітілдес елдер арасында да, Қазақстанда да бірінші және жалғыз халықаралық деңгейдегі университет болып табылады. Университетте әлемнің 17 елінен 41 түркі халықтарының өкілдері білім алуға. Университетте 10 мыңнан астам білім алушы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде білім алады, білім беру қызметі бакалавриаттың 55 мамандығы, магистратураның 42 мамандығы, PhD докторантураның 15 мамандығы, резидентураның 22 мамандығы және интернатураның 2 мамандығы бойынша жүзеге асырылады.

Университетте Болон процесінің талаптарына сәйкес бакалавриат-магистратура-докторантура (резидентура) бағдарламалары бойынша үш деңгейлі жүйе енгізілген.


Түркістанның урбандалуында және қаланы облыс орталығына айналдыруда университеттің қалалық трансформацияға белсенді қатысуы, университет тарапынан халыққа әлеуметтік қызметтер көрсету, ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыстар жүргізу, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен бірлескен жұмыс, қашықтықтан білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және дамыту, өңірлік, республикалық және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Республикалық және халықаралық масштабтағы ынтымақтастық, байланыстарды кеңейту, әлемдік маңызы бар іс – шараларға қатысу, білім беру, ғылыми, спорттық жетістіктер және т. б. университетіміздің оқытушылары мен қызметкерлерінің арқасында жүргізіледі және осы бағыттардың барлығы ҚР БҒМ және Түркия Республикасының қолдауымен жүзеге асырылады.

Университеттің Стратегиялық жоспары білім беру, зерттеу, адами ресурстар, қоғамдық қызмет көрсету және инфрақұрылым сапасын дамытуға бағытталған және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі білім беру, ғылым және инновация салаларының әрі қарай дамуына негізделген. Университет ғалымдары жаратылыстану, инженерия, әлеуметтік, гуманитарлық және медицина бағыттарында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Мұнда өңірдің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму мәселелерін шешуге бағытталған өзіндік ғылыми мектептер қалыптасқан.


Ғылыми жарияланым кезкелген университеттің ғылыми қызметінің сапасы мен тиімділігінің өлшемі, сондай-ақ оның ұлттық және әлемдік ғылымдағы орнын айқындайтын негізгі көрсеткіш болып табылады. Осы негізде Университет ғалымдары 2020-2021 жылдары жалпы саны 2754 ғылыми мақала жариялады. Оның ішінде 297 ғылыми мақала халықаралық Scopus және Web of Science Core Collection базаларында индекстелетін ғылыми басылымдарда; 717 ғылыми мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің тізімі бойынша ұсынған ғылыми басылымдарда; 452 мақала нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық базаларда индекстелетін ғылыми журналдарда, 173 астам ғылыми мақала халықаралық конференциялар, симпозиумдар, форумдар мен конгресстердің жинақтарында.

Scopus базасының ақпараттарын сараптайтын SciVal талдау платформасының мәліметіне сәйкес Университет ғалымдарының жарияланымдарының саны 2020 жылы – 128, ал 2021 жылы – 156 жетті.

Бүгінгі таңда ғылым саласында нормаланған орташа дәйексез көрсеткішінің рөлі өзекті болып табылады. Бұл көрсеткіш белгілі бір мемлекет, ғылыми мекеме немесе ғалымның ғылыми қызметінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Ол бір типтегі, бір саладағы және бір мерзім аралығындағы жарияланымдарға жасалған сілтемелердің орташа санының қатынасы ретінде есептеледі. Егер оның мәні 1 тең болса, бұл орташа әлемдік деңгейге сәйкестікті, ал 1 жоғары болса орташадан жоғары деңгейді білдіреді.



Ахмет Ясауи университетінің 2018-2021 жж. аралығындағы нормаланған орташа дәйексез көрсеткіші – 0,65



2018-2021 жж. Ахмет Ясауи университетінің нормаланған орташа дәйексез көрсеткіші

06.04.2022 ж. SciVal (Elsevier) деректері

Университет ғалымдардың 30 жарияланымы әлемнің дәйексез басылымдарының 10%-на кіреді (2-сурет).

2018-2021 жж. Ахмет Ясауи университетінің әлемнің дәйексез басылымдарындағы көрсеткіші

06.04.2022 ж. SciVal (Elsevier) деректері

Ғалымдарымыздың мақалаларының жоғары рейтингті журналдарда жариялануы, олардың зерттеулерінің жаңашылдығы мен сапасының жоғарылығын көрсетеді. SciVal талдау платформасының деректері бойынша 2018-2021 жж. аралығында Университет аффиляциясымен әлемнің топ-50 журналдарында (Q1-Q2) 205 мақала жарияланған (3-сурет).

3-сурет. 2018-2021 жж. Ахмет Ясауи университетінің топ-50 журналдарындағы (Q1-Q2) жарияланымдарының көрсеткіші

06.04.2022 ж. SciVal (Elsevier) деректері

Университеттің техникалық және технологиялық жетістіктерінің белгісі әрі ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен әзірлемелерінің тиімділігінің маңызды көрсеткішінің бірі патент болып табылады. 2020-2021 жылдар аралығында ғалымдарымыз 10 патент және 66 авторлық куәлік алды.

Ғылымның бірнеше саласының ғалымдарын сұхбат алаңына біріктіріп, олардың белгілі бір саладағы тәжірибесі мен зерттеу нәтижелерімен өзара пікір алмасу мақсатында соңғы екі жылда 131-ге жуық офлайн/онлайн форматындағы ғылыми-ісшаралар ұйымдастырылды.

Университетте ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға жұмсалатын қаржы көлемі көлемін 2020 жылы – 615 718 443 теңгеден 2021 жылы – 945 009 368 теңгеге дейін ұлғайды. 2021 жылы жүргізілген ғылыми зерттеулердің қаржыландыру көздерінің негізгі үлесі университеттің жеке қаражатына (56,2% немесе 531,1 млн. теңге) және мемлекеттік бюджет қаражатына (42,8% немесе 405,2 млн. теңге) тиесілі екенін көруге болады. Басқа қаржыландыру көздерінің үлесі 1% құрайды.

Қаржыландыру көздері бойынша ғылыми зерттеулерге жұмсалған шығындар көлемі

2021 жылы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2020-2021, 2020-2022, 2021-2023 жж. арналған гранттық қаржыландыру конкурстары аясында 18 жоба қаржыландырылды.

Жобалар ғылымды дамытудың 5 басым бағыты бойынша жүзеге асырылды: «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер), «Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, оның ішінде су ресурстары, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар және технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар», «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер», «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» және «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы, іргелі, пәнаралық зерттеулер.

Гранттық қаржыландыру жобалары аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі Scopus, Web of Science Core Collection және басқа да базаларында индекстелетін ғылыми журналдар мен ҚР БҒМ БҒССҚҚ ұсынған басылымдар арқылы ғылыми айналымға енгізілді, халықаралық конференциялар мен семинарларда апробациядан өтті және оқу үдерісіне енгізіліп жатыр.


2021 жылы Университет ғалымдары Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық институты, Халықаралық таза және қолданбалы химия одағы мен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесімен бірлесіп 3 халықаралық жобаны әзірлеуге қатысты.

Университеттің Стратегиялық жоспарына сәйкес іргелі және қолданбалы зерттеулер барысында жасалған ғылыми-техникалық әзірлемелерді өндіріске енгізу бойынша жүйелі түрде іс-шаралар

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМАСЫ

жүргізіліп келеді. 2018-2021 жылдары оқу ордамыздың ғалымдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін коммерцияландыру бойынша ҚР БЖҒМ «Ғылым қоры» АҚ жеңіп алған 2 гранттық жобасын сәтті орындап шықты. Оларды атап айтатын болсақ: «Қызыл калифорниялық құрттардың дәрумендірілген биомасса және гранула түріндегі ақуызды азықтық вермикоспаларын өндіру» және «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ботаникалық бағының базасында Оңтүстік Қазақстанның қуаңшылық жағдайында отырғызуға арналған сәндік дақылдардың бейімделгіш және стресске төзімді көгалдандыру материалдарын жеделдете өсіру». Осы екі жоба аясында Университет базасында заманауи құрал-жабдықтармен жасақталған Биотехнологиялық зертхана және өндірістік цех құрылды.

Университетте Ахмет Ясауи университетінің Үкіметаралық Өкілетті кеңесі тарапынан қаржыландырылатын Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығымен бекітілген жаратылыстану, инженерия, әлеуметтік, гуманитарлық және медицина бағыттарында 12 ынталы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.



06.04.2022 ж. SciVal (Elsevier) деректері

Университет құрамында Түркология, Археология, Экология, Жаратылыстану, Ясауитану және Еуразия сынды 6 ғылыми-зерттеу институты жұмыс жасайды.

Ахмет Ясауи университетінің отандық және шетелдік ғалымдардың жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзекті мәселелері бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ғылыми айналымға шығаруға бағытталған 5 мерзімді басылымдары бар. Оларды атап айтатын болсақ: Web of Science Core Collection және Scopus деректік базаларында индекстелетін «Bilig» журналы; «Педагогика» бағыты бойынша ҚР БЖҒМ БҒСҚҚ ұсынған ғылыми басылымдар тізіміне енген «Ясауи

Қаржыландыру көздері	2020		2021	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
Жалпы шығындар	615,7	100	945	100
Бюджет қаражаты	182,1	29,5	405,2	42,8
Университет қаражаты	421,8	68,5	531,1	56,2
Басқа да қаржыландыру көздері	11,8	2	8,6	1

университетінің хабаршысы» (философия, тарих, педагогика, филология ғылыми бағыттары бойынша) журналы; DergiPark жүйесіне енген «Түркітану» журналы; «Қ.А. Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің хабарлары (математика, физика, информатика сериясы)» журналы; «Eurasian Research Journal» журналы.

Жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындау сапасын қамтамасыз етуде диссертациялық кеңестердің қызметін жетілдіру мәселесінің маңызы зор. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БЖҒМ 2021 жылғы 9 наурыздағы № 98 бұйрығына сәйкес Университеттің диссертациялық кеңестері туралы ережесі бекітілді. Қазіргі уақытта

ғылыми кадрларды дайындау сапасын арттыратын жаңа талаптар негізінде Диссертациялық кеңестерді құру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ғылым қызметкерлерінің қоғам мен мемлекет алдындағы сіңірген еңбегінің жоғары бағалануының бірі жылына бір рет тағайындалатын мемлекеттік ғылыми стипендиялар болып табылады. 2020-2021 жылдар аралығында Университеттің 4 ОПҚ мемлекеттік ғылыми стипендияның лауреаты атанды. Сондай-ақ, 16 ғалымымызға «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы берілді.

Бүгінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы сапалы білімге қол жеткізудің қазақстандық брендіне айналды. Әлемдік ғылыми-білім беру орталықтарында оқу және кәсіби тәжірибе алмасудың арқасында еліміздің жастары мен ғалымдарының өрісі кеңейіп келеді. Осы тұрғыда 2021 жылы Университетіміздің 11 ОПҚ «Болашақ» халықаралық бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуде.

Университетімізде студенттердің оқу үдерісі барысында алған білімдерін жақсы меңгеруі, олардың ғылыми-техникалық және әлеуметтік

ой-өрісін кеңейту, жаңа идеяларды меңгеруге, ғылыми ақпараттарды тиімді қолдануға дағдылауға ерекше ден қойылған. Осы мақсатта білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. 2021 жылы ҚР ЖОО арасында Республикалық конкурсының қорытындысы бойынша 4 студентіміз II дәрежелі; 8 студентіміз III дәрежелі ҚР БЖҒМ дипломдарымен марапатталды. Сонымен қатар, Халықаралық деңгейде де 8 білім алушымыз жүлделі орын иеленді.

Университет ғалымдарының жүргізіп жатқан жүйелі жұмыстарының нәтижесінде Ахмет Ясауи университеті QS World University Rankings by Subject 2022 әлемнің үздік университеттерінің қатарына енді.

QS World University Rankings мәліметіне сүйенетін болсақ Университетіміз 2022 жылғы пәндік рейтингте тұрған 2 пән бағыты – рейтингтегі позицияларын 100%-ға жақсартқан. Ал «Академиялық бедел» рейтингінде 73,6 ұпай жинап, «Білім» бағыты үздік көрсеткішке жетіп отыр. Сондай-ақ, «Жұмыс берушінің беделі» рейтингінде университеттің ең жақсы нәтижелерін «Білім» бағыты көрсетті. Аталған бағыт университетінің дәйексөздер саны бойынша ең жоғары балл иеленді – 35.

Сонымен қатар, QS World University Rankings by Subject – 2022 қорытындысына сәйкес Ахмет Ясауи университеті алғаш рет пәндік рейтинг еніп, төмендегі табыстарға қол жеткізді:

- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Arts & Humanities) салалық рейтингінде 5 пәндік бағыт ішінен 1-ші орынды иеленіп, жалпы 61,9 ұпаймен әлемдік 362-ші орынға шықты.
- «Заманауи тілдер» (Modern Languages) пәндік рейтингінде 201-250 аралығындағы позицияда;
- «Білім және оқыту» (Education and Training) пәндік рейтингінде 301-350 аралығындағы позицияда.

Университеттер инновацияларды әзірлейтін, содан кейін оларды кәсіпорындар немесе мемлекет пайдаланатын көптеген мысалдар бар. Болашаққа деген үмітпен университет ғалымдарының зерттеліп жатқан әзірлемелері сұранысқа ие болады және нарықта одан әрі іске асырылады деп айтуға болады.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін сипаттайтын университеттің ғылыми әлеуетінің маңызды көрсеткіші университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының сапалық сипаттамасы болып табылады.

Түрлі деңгейдегі гранттарды орындау, жарияланған монографиялар, ғылыми мақалалар, оқу құралдары, патенттер саны, яғни осының барлығы ғылыми қызметкерлер мен ЖОО оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі. Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының маңызды учаскесі жас ғалымдар мен білім алушылардың өзін-өзі қамтамасыз ететін, креативті, дамушы, өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті тұлға ретіндегі мәртебесін қалыптастыруда жетекші рөл атқаратын ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Инновация біздің өмірімізде бар және олар ер түрлі қызмет салаларын дамыту үшін қажет. Әдетте, инновациялар біздің өмірімізді жеңілдетеді, өндірісті жаңа деңгейге көтереді. Сондықтан дамыған елдердің көпшілігі инновацияны дамытуға қомақты қаржы салып, жас ғалымдарға барлық жағдай жасалуда. Бірақ инновацияны дамытудағы маңызды аспект оларды коммерцияландыру болып табылады. Жобалар пайда әкеліп, өзін-өзі ақтауы керек. Көптеген елдерде жобалардың 10% - дан астамы іске асырылады. Коммерцияландыру жолында көптеген қиындықтар бар, бұл процесс жылдарға созылуы мүмкін. Бірақ біздің жобаларымыз барлық қиындықтардан өтіп, үлкен жетістікпен іс жүзінде жүзеге асырылып, ондаған есе ақталады деп үміттенеміз.

Университет ғылым мен білім саласындағы әлемдегі ең үздіктердің біріне айналады деп үлкен үмітпен айтқым келеді.

Балтабаева АЛЕНА ЮЛДАШҚЫЗЫ,
Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы,
философия ғылымдарының кандидаты,
профессор

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ТҮРКІСТАНДАҒЫ АЛАШҰБАР АТАУЛАР

Облыс орталығы болған Түркістанның келбеті келісіп, ажарланып үш-төрт жылда жап-жаңа қалаға айналып шыға келді. Ғимараттар асқақ, дизайны келіскен әдеміліктерге көзің тояды. Дегенмен, көзге қораш көрінетін дүниелер де баршылық. Онсыз бола ма?!

Күнделікті өмірде жүріп барып, байқап қарасаңыз, жан-жағыңыз ағылшынша атауларға малынып қалған. Енді біреуінен қазақша атау кезіктірем бе десең, дүкен, мейрамхана, бизнес орталықтары мен қонақ үйлер атауларының мәселен, “Royal Grand”, “Rich hotel”, “Grand Villa”, “Central Asia”, “Silk Way” тағысын тағылар ағылшын тілінде жазылып, өрнектеліп тұрғанын көресің. Құдды шетелде жүргендей сезінесің өзіңді. Мейлі мен түсінермін, басқасының барлығы түсінуі мүмкін емес-ті. Қазақ тілін жетік меңгере алмай жүргендер, ағылшыныңды қайтсін?!

Осы тақырыпты көтергелі тұрып, базар маңы мен қаланың әрбір бұрыш көшесін жүріп өтіп ағылшын атауларымен жазылған ғимараттар 70-80% дерлік деймін. Санасаң саныңнан жаңылғаныңнан бөлек, өзге тілден хабары жоқтарды тағы ойлайсың. Көшедегі қазақ тілінде ілініп тұрған жарнамадағы қате жазулар, сауатсыз аудармалар немесе қазақ тілін шеттеткендей әсерде қалдыратын өзге тілдегі жазуларды көріп, әттеген-айлап

қаласың. Немқұрайлы болсақ, тіл мәртебесінің биік болуына әрбіреуіміз жанашырлық танытпасақ, есінен танып, дел-сал күй кешеріміз анық.

Таңғалатыны жоқ, қисапсыз «тауэр», «палас», «плаза», «хаус» сынды қосымшалар кез келген дамыған елдердің үлкен қалаларында толып жатыр оған еліктеген кәсіпкер, мекеме соған көшеді. Аэропорттан түскен жолаушы осындай атауларға тап болады. Түркістанның төрінде қонақ болатын, түкпір-түкпірден келетін турист үшін рухани қаламыз сыртқы келбетінен, болмысынан айқын сезіліп тұруы керек емес пе?

Түркі дүниесіне ортақ қала қазақшадан бейхабар секілді сезіліп тұр. Бәріне түсінікті тілде, ел астаналары атауларын немесе ұмыт болған ежелгі қала атауларын жаңғыртып неге атамасқа?! Шет тілін шеттетіп, кем санаудан аулақпыз. Өз тіліңнің дәрежесі қуантарлықтай емес. Ағылшынша, орысша жазуларды төбемізге көтеріп, ұлықтау қай бабамыздан қалған дәстүр десеңізші?!

Сандуғаш БЕКТҰРОВА,
3-курс студенті

БЕРЕКЕ-БІРЛІК КЕЛІСІМ-ЕҢ АСЫЛ БАЙЛЫҚ ЕЛ ҮШІН

Тарихтың алтын парақтарына көз жүгіртер болсақ, қаншама уақыт сағаттар өткенмен тарих қойнауындағы Қазақ халқының орны мәңгі өшпес. Атам заманнан бері береке-бірлікті тұмар еткен халық екеніне тарих куә. Әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиелеуді басты мақсат етіп, ру мен рудың, ағайын мен туыстың, көрші-қолаң мен жақын жандарының тату, сыйлы, бауырмал болғанын қалаған. Сондықтан ел арасында «Ит пен ит ырылдасса, тамағының тоқтығы. Жігіт пен жігіт қырындаса, ынтымағының жоқтығы», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» деп өсиет еткен.

Қазіргі таңда «көп ұлтты Қазақстан» көптеген ұлт өкілдерінің ортақ отбасына айналды. Әлемнің көптеген елдеріндегі ішкі жағдайды көріп те, естіп те жүрміз. Десе де дәл біздің Қазақстандағыдай ұлттар арасында бірлік пен достық институтының толыққанды және тиімді жұмыс істеп тұрғанын кездестірмедік. Бірақ бұл ауыр әрі қиын міндет Қазақстанның қолынан келді, бұл әрине біз үшін қуанарлық жайт болмақ.

Кез келген елдің тілегі де, арманы да халқының бейбітшілігін сақтап, береке-бірлікпен өмір сүру екені шүбәсіз. Бейбіт өмір- бақыт әкелу мен бірге, болашаққа өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Сондықтан да дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік байлық» деп текке айтпаса керек.

Өткен тариха көз тастар болсақ, Адамзат небір сұрапыл соғыстардан көз ашпады, қаншама елдер соғыс азабынан құлдырап, азып-тозды. Шынтуайтында қазіргі таңда ішінара елдерде болып жатқан соғыс өрттері біз сияқты бейбіт өмір сүріп жатқан жастарға ертегі сияқты естілсе керек. Қай ұлт, қай ел болмасын бейбітшілікті,

бірлікті, ашық аспан мен бақытты, терезесі тең, керегесі кең елдер қатарында болуды аңсайды. Өйткені, татулық пен келісім, бейбітшілдік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді. Қабан (Қабылиса) жырау:

Бақыт қайда барасың?
Көршімен болған бірлігі,
Тағат, ғибадат тірлігі

Ұйымшыл елге барамын, – деп жырлаған екен.

Адамдар арасында бірлік болса, олар ынтымақты, тату-тәтті

өмір сүреді. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен кезде ғана бірлікке қол жеткізуге болады. Халқының қамын жеген Әлихан Нұрмұхаметұлы Бөкейхан: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсаты сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» – деп ынтымақ-бірлікке үндеген. Ал, ынтымақ-бірлікке апаратын жол халықтың өзара тату болуы. «Бірлігі бар елдің бөлін ешкім сындырмас» дейді ұлы халқымыз. Расында халықтың ынтымағы мен ауызбірлігін сақтау әрқашанда маңызды болып қала бермек. Кешегі бабалар өмірі де мұны бізге сабақ етеді.

Халқымызда «Ынтымақсыз елді – ұрысы билейді. Ынтымақты елді – дұрысы билейді» деген қанатты сөз бар. Ендігі халқымыздың арман тілегі егемен елді «Мәңгілік елге» айналдыру. Қазақстан- ұлы дала елі! Қазақстан мәңгілік татулық пен бірліктің мекені болмақ! Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын, халқымызды алауыздықтан сақтап, бірлігі жарасқан ел болайық!

Құмаргүл ДОСАНХАН,
3-курс студенті





AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE “ÜNİVERSİTE KÜTÜPHANELERİNİN GELİŞİMİ” KONFERANSI BAŞLADI

Ahmet Yesevi Üniversitesinde 5 – 6 Mayıs 2022 günleri arasında düzenlenecek “Üniversite Kütüphanelerinin Gelişimi: Modern Dünya Trendleri” başlıklı uluslararası konferans, 5 Mayıs 2022 tarihinde Kültür Merkezi Büyük Salon’da gerçekleştirilen açılış oturumlarıyla başladı.

Konferansın açılış konuşmasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar söz aldı.

8 yabancı ülkeden akademisyen ve kütüphanecilerin çevrim içi ve çevrim dışı olarak katıldığı uluslararası konferansın ilk gününde; modern eğitim – öğretim çağında kütüphanecilik, elektronik kütüphane veri tabanları, ulusal ve uluslararası yayınlara erişim gibi konular ele alındı.



BİRLEŞMİŞ MİLLETLER TEMSİLCİLERİ AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNİ ZİYARET ETTİ

Birleşmiş Milletler (BM) Kazakistan Koordinatörü Michaela Friberg-Storey, BM Orta Asya Daire Başkanı Ronny Lindstrom ve BM Kadın Örgütü Temsilcisi Maria Dotsenk, 5 Mayıs 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesini ziyaret etti.

Toplantının açılış konuşmasında Üniversitemiz Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar söz aldı.

Ardından konuşmasına başlayan Birleşmiş Milletler Kazakistan Koordinatörü Michaela Friberg-Storey, Ahmet Yesevi Üniversitesinin özellikle “Sürdürülebilir Kalkınma Araştırma Merkezi”ne sahip olmasından duyduğu memnuniyeti dile getirdi. Storey, Türkistan’da ve tüm Kazakistan’da yenilenebilir enerji kaynakları başta olmak üzere küresel ısınma, cinsiyet ve eğitimde fırsat eşitliği gibi konularda çalışmaların devam ettiğini ve Birleşmiş Milletler olarak Ahmet Yesevi Üniversitesi ile birlikte her türlü iş birliğine hazır olduklarını ifade etti.

Üniversitemiz öğrencilerinin ve akademik personelinin ilgi gösterdiği toplantı, Birleşmiş Milletler Kazakistan Temsilciliği ve Ahmet Yesevi Üniversitesi arasında imzalanan akademik iş birliği protokolünün ardından sona erdi.

TÜRKİYE CUMHURİYETİ DIYANET İŞLERİ BAŞKANI PROF. DR. ALI ERBAŞ AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNİ ZİYARET ETTİ

Türkiye Cumhuriyeti Diyanet İşleri Başkanı Prof. Dr. Ali ERBAŞ 5 Mayıs 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Kampüsünü ziyaret ederek Kültür Merkezi Büyük Salon’da Üniversitemiz öğrencileri, akademik ve idari personeli ile bir araya geldi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE “DOSTLUK FESTİVALİ” DÜZENLENDİ



Ahmet Yesevi Üniversitesinde öğrenim gören farklı milletlerden öğrencilerin bir araya geldiği “Dostluk Festivali” Üniversitemiz Türkistan Kampüsünde 5 Mayıs 2022 tarihinde gerçekleştirildi.

Türkiye, Azerbaycan, Kırgızistan, Özbekistan, Kazakistan ve çeşitli Türk topluluklarının temsil edildiği festival, Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencilerinin Kültür Merkezi Büyük Salon’da düzenlediği sahne gösterileri ile devam etti.

Festivalin açılış konuşmasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Rektör Dr. Zhanar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar söz aldı.

Üniversitemiz öğrencileri, akademik ve idari personeli ilgi gösterdiği Dostluk Festivali, hatıra fotoğrafı çekiminin ardından sona erdi.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 77 жыл толды. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды.

Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ҰРПАҚТАРЫ

ҚАЗАНДЫ ТӨҢКЕРМЕ!

МАКЛЮБЕ - бұл тағам негізі Араб халқының ұлттық тағамы болған екен. Бертін келе ұмытылып кеткесін Түрік халқы біздің тағам деп жүр екен. Ал қазақша мағынасына келер болсақ "Төңкеру" деген мағына береді, егер үлкен табаға істейтін болсаңыз кемінде он адам жейді, ал шағын жасаймын десеңіз кішірек ыдысқа жасасаңыз болады.

Хош делік, қай елдің тағамы болса да астан үлкен емеспіз. Мәселе тағамда емес, қазанда болып тұр ғой. Қазақ халқы қара қазанды қасиетті санаған. Қара қазан, сары бала қамы үшін толарсақтан су кешкен халқымыз қазанның киесін жоғары қойған. Таяу уақыттан бері трендте жүрген әлеуметтік желілерде (тик-ток, ватсап, инстаграм, фейсбук) сөнге айналған қазан төңкеріп, қасықпен сабалаған көрініске менің ұлдарым да қызығып-ақ жүр.

-Анашым, біз де маклюбе жасап жейікші, деп қояр емес. Маклюбені демалыс күндері жейсіңдер дедім де қойдым. Есіме апамның қазанның киесі туралы айтып отыратын тәмсілдері түсті. Қазақта қазанды ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүр мен ырым-тыйымның



мұлт кетпейтіндігі белгілі. Ендеше "Елден қазан кетсе, қазақтан ырыс кетеді" дегенді естіген шығарсыз.

Халқымыз қара қазанды көнеден қасиет тұтып, ерекше қастерлеген. Қазаны оттан түспейтін әрбір шаңырақ мүшесі оны қуат көзіне балаған. Елді аштықтан аман алып қалған да қадірлі ыдыс құдіреті. Жаугершілік заманда қазан астына жасырынып қанша бала тірі қалды деседі. Дастарқан мәзіріндегі тағамның барлығы дерлік осы ыдыста дайындалады. Құрт қайнату, бауырсақ пісіру, ірімшік жасау, ет асу тағы басқалары қара қазан арқылы дайындалады. Қазан тоқшылық пен бейбітшіліктің, ырыс-несібенің белгісі. Сондықтан қазанды себепсіз сындырмаған және төңкермеген. Оны сындыру – отбасын ойрандау саналса, төңкеру – аштық пен жоқшылық нышаны деп қабылданған. Ал рухани жаңғыруымыздың қайнар көзіне айналып, береке-бірліктің ұйытқысы болған қасиетті дүниені қадірлей білу, оның басқа заттарға қарағанда ұлт өмірі мен мәдениетінде алатын орны ерек екендігін кейінгі буынға аса құнды мұра ретінде жеткізу парыз. «Қазан шайқалса, ырыс шамданады» дегеннің астарында үлкен ой жатыр. Аталы сөздің түп-төркіні ырыстың қадірін біліп, астамшылдық пен ысырапқа жол бермеудің үлгісін көрсеткендігі ойлан-

дырады.

Аталарымыз қазанды тіршіліктің қайнар көзі, үйдің берекесі деп санаған. Қандай қиын-қыстау күнде де, қара қазанын ескі жұртқа тастамаған. Оны алып жүру мүмкін болмағанда өзінің ырымын жасап көміп кетіп отырған. Ондағы мақсаты үйден қазан кетсе, "ырыс-несібеміз, құтымыз кетеді" деп санаған. Бойжеткен тұрмысқа шыққанда, ата-анасы барлық дүние-мүлікті берсе де, қара қазанды бермеген. Қазақ ешқашан да қазанды сыйға тартпаған. Көрші-көлем той-садақа жасағанда қазанды уақытша пайдалануға болады, бірақ қазанды пайдаланып болғасын оның түбіне дәм салып жібереді.

Қара қазан өте қасиетті дейтініміз, сәби тіл-көз тиіп ауырып қалғанда, қазанның құлағынан қара күйе алып ұшықтағанда жазылып кететіні және таңдай тісі шыққанда да оны саусақты күйелеп басады. Суға батып кеткен адамды қара қазанмен табады. Ол үшін кеткен тұсына оны тастайды. Қазан су бетінде ұзақ қалқып жүріп адам жатқан жерге келгенде өз-өзінен батып кетеді. Сөйтіп айдын астындағы мәйіттің үстіне, не қасына түседі. Мұндайды естіп таңғалмасыңа шара жоқ. Бұл ырымды теңізшілер өз өмірлерінде әлі күнге дейін қолданатын көрінеді.

– Қазанның қақпағын жауып қояды. Ішін тазартып жуып болған соң суын сарку үшін төңкеруге болмайды. Соңғы кездері жиі байқаймын. Көп үйлерде тіпті жасы егде тартқан әйелі бар шаңырақта да осылай ету үрдісі кең етек алуда. Бұл білместіктен жасалуы мүмкін. Бірақ қазанды төңкеру жаман ырымға баланады. Тұтастай бір отбасы қайғы жамылғанда, жаугершілік уақытта шаңырақтың түтінін түтететін жан қалмағанның белгісі ретінде қазанды төңкеріп кететін болған. Осындай ырым-тыйымдармен қорғалып келген қасиетті қара қазанға жұртшылық көп мән бере бермейді. Бүкіл ырым-тыйымдардың астарына мән берсек, бұрынғылар түсінуге келмейтін қауіптен сақтандырып кеткенін



байқауға болады. Соның бірі – қайтыс болған адамның бейіті бұзылса, түске кіріп мазаласа, басына қазан апарып қойған. Марқұмның соңынан туыстары ауру-сырқаусыз, белгісіз себептермен көз жұмса, Құран оқытып, басына қазан төңкертен. Осындай қасиетті қара қазанның сіз бен біз біле бермейтін сырлары бар. Өзге елдің қаңсығын таңсық көргенді қашан қояр екенбіз?!

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru